

УДК 370.12

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

К.К.Төлегенова, Ж.О.Нұржанбаева, А.С.Еркінбекова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Тәрбие қоғамның дамып өркендеуінің басты шарты. Себебі тәрбие қоғамдық және мемлекеттік өмірдің түрлі салаларында белсенді қызмет етуге қабілетті, сана-сезімді және жоғары білімді азаматтарды қалыптастыруды көздейді. Тәрбие үрдісінің нәтижелілігі оның мақсаттары мен мазмұнының, бағыттары мен міндеттерінің дұрыс та нақты айқындалып қоғам талаптарымен үйлесімді әрі сай келуіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда елімізде тәрбие мәселесінің осалданып, түйін болып шешілмей отырған көптеген қырлары бар.

Мәселен, нарықтық қатынасқа өтуіне байланысты қоғамымызда орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғам мүшелерінің бойында жаңа тәрбиелік қасиеттердің болуын талап етуде. Кеңес заманы кезеңінде тұлғалардың бойында; кішіпейілділік, ұяндық, көшпен бірдей болу т.б. сияқты жеке бас қасиеттер жоғары бағаланып отыратындықтан тәрбие мен мақсаты қоғамға «лайықты» адам тәрбиелеу үрдісінде бүкіл күш қуат, қаржы осы бағытта ұйымдастырылып жүргізілді және бір айта кететін нәрсе, тәрбие өз мақсаттарына жетіп те отырған. Бұл жерде біз авторитарлы әрі тоталитаристік жүйені, идеологияны дәріптегелі отырған жоқпыз. Бірақ Кеңес заманындағы тәрбиелік

үрдісті ұйымдастырудағы пәрменділік, қарқындылық және тәрбие мақсаттарының нақтылығы мен айқындылығы бүгінгі күнде жетіспей тұрғандай. Олай дейтін себебіміз қазіргі нарықтық қатынас адамдардан даралық, (индивидуализм) жоғары белсенділік, шығармашылық, кез келген ситуациядан шешім таба білу сияқты қасиеттерді талап етуде. Ал тәрбиелік ұйымдар (мектептен тыс ұйымдар т.б.) мұндай тұлғаларды барлық қабілет-қасиеттерін жан-жақты дамытып қоғамға лайықтап бере алмай отыр. Мектептерде жүргізіліп жатқан тәрбиелік шаралардың бағыттары, түрлері (экономикалық және ұлттық бағыттан басқалары) тәрбиелік шараларды жүргізудің әдіс-тәсілдері батыл да сенімді түрде жаңартуды, түрлендіруді қажет етеді.

Кеңес заманындағы адамгершілік, ақыл-ой кәсіби даярлық т.б. тәрбиелердің нарықтық қатынас кезеңіндегі осы сықылды тәрбиелердің арасында ерекшелік болуға тиісті. Әрі бұл ерекшеліктер нақты де айқын түрде көрсетілсе. Екінші бір мәселе мектепте беріліп жатқан тәрбие мен баланы мектептен тыс қоршаған ортада беріліп жатқан тәрбиенің алшақтығы. Мектепте адалдыққа, гуманизмге, қайырымдылыққа, табиғатты сүйуге т.б. тәрбиелесек, ал теледидарда көрсетіліп жатқан түрлі хабарлар, бейнефильмдер, жарнамалар, көшедегі, ауладағы тәрбие басқаша жүруде. Бұл нәтижесінде жас ұрпақтың қоғаммен қайшылыққа түсуіне немесе оның екі жүзді болуына алып келмек. Тәрбие үрдісі тығыз байланыстырылып тұлғаның индивидуальды әрі оң (позитивті) қасиеттеріне сүйене отырылып жүргізілуі қажет.

Ұлы Абай: «Адамның мінезін түзеуге болмайды, деген адамның тілін кесер едім» деген сөзіне қазіргі таңдағы жастарды тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр.

Атақты Испан мәдениеттанушысы Ортега – И – Гассет «Бұқаралық мәдениет» деген еңбегінде қазіргі жастар туралы өз көзқарасын білдіреді. Ол: «Қазіргі жастар қоғамның ерке баласы сияқты, олар қоғам алдындағы жауапкершілігі мен борышынан гөрі құқықтары мен жеңілдіктер туралы көбірек білгісі келеді», дейді.

Осы көзқарасқа сүйене отырып қазіргі жастардың өмірге деген көзқарасын дүниетанымының жан-жақты екендігін мойындауымыз қажет. Ақпарат көздерінің сан алуандылығы және олардың мазмұнының да әртүрлі екендігін біле отырып, жастардың бойында ақпараттық тәрбие беру мәселесі бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Тәрбие мәселесі қоғам, ата-ана және мектептің бірігуі арқылы жүргізілсе нәтижелірек болар еді.

Қазіргі жастар «Ауырдың асты, жеңілдің үстімен» өмір сүру принципін ұстаңғысы келеді. Олардың көріп жүрген бейнефильмдері мен көркемдік әдебиетінің мазмұны осы принципке саяды. Жастар қандай ақпарат алып отыр, оның тәрбиелік мәні бар ма? деген сұраққа жауап беруді ұмыт қалдырамыз.

Мектеп жасына дейінгі баладан бастап, ақыл-ойы тоқтаған ересек азаматтарымызға дейін мән-мағынасы тек рахат өмірді уағыздайтын ақпарат көздерін қоғамның құзырлы орындарының бақылауынсыз беріліп жатқандығы кімді де болса ойландырады.

Бүгінгі таңда бала тәрбиесінде шешуін күтіп отырған үлкен мәселе – балалардың бос уақыты және оның тиімді әрі дұрыс ұйымдастыру. Бұл жерде Кеңес дәуіріндегі мектептен тыс тәрбие ұйымдарының жүйесін, ондағы жұмыстардың ұйымдастырылуы жоғары дәрежеде болғандығын мойындауымыз қажет. Бұл мәселенің шешілмей отырған себебі елімізде қалыптасқан көзқарас: тәрбиені екінші кезектегі нәрсе деп қарауында.

Тәрбие мен білім беру педагогика ғылымының категориялары ретінде өмірде тең дәрежеде жүзеге асырылуы тиіс. Білім саласында болып жатқан реформа, өзгерістер мақсаты; халықаралық стандартқа сай білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға бағыт салу. Тап сондай қатынас тәрбие саласында да орнау қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамға таяқ болып тиеді» деп данышпан бабамыз Әл-Фараби тұжырым жасаған. Француз философы М.Монтень «тәрбие ғылымын меңгермеген адамға кез келген басқа ғылым тек қана зиянын тигізеді» деп болжаған. Балалардың бос уақыты дұрыс ұйымдастырылмауы себепті нашақорлық пен қылмыс бүгінгі күнде жасарып отыр. Мектептен тыс жұмыс істеп отырған үйірме, секциялардың көпшілігі ақылы. Мұны көп отбасылардың қалталары көтермейді. Сонықтан мектептен тыс уақытта жасөспірімдерді аула мен көше тәрбиелеуде. Бүгінгі таңда балалар мен жасөспірімдердің тәрбие ошағы - мектеп болып қалуда. Бұл жағдайда мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, әлеуметтік статусын көтеруге көңіл бөлінсе. Мектептерде оқушылар арасында сауалнамалар негізінде қызығушылықтарын және тәрбиелік шараларға көзқарастарын анықтап, соған сәйкес үйірме секциялар, клубтар құрылып, немесе тәрбиелік шараларды

түрлендіріп, мазмұнды да мәнді өткізуге күш жұмсау қажет. Ондаған жылдар бойы жас ұрпақ тәрбиесі жүйесінің тоқырауға ұшырауына байланысты жинақталған мәселелерді халықтық педагогиканы оңтайлы да ұтымды түрде қолдана отырып, шешуге бет алдық.

Қазіргі кезеңдегі қуантарлық жағдай М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде «Әлеуметтік педагогика», «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша бүгінгі күн талабына сай мамандар даярлауды бастады. Бұл тәрбие мәселесіне жаңаша көзқарастың іс жүзіне асырыла бастауы, «Әлеуметтік педагог» қоғамдағы тәрбие мәселесінің ауқымды жағдайларымен тікелей жұмыс жүргізеді. Қылмыс, бұзақылықтың себебі әлеуметтік экономикалық сипат алатындығы көрініп отыр. Сондықтан қазіргі қарттар үйі, балалар үйі, девианттық ауытқулары бар жеткіншектермен жұмыс жүргізу, наркомансер, СПИД-ке қарсы орталық мекемелерінің жұмыс жүргізуін осы аталған жаңа мамандық иелері болашақта атқарады деп сенім білдіреміз.

Жастардың қоғамдағы тәрбиелік мәселесіне бүгінгі күн талабына сай жаңа көзқарастар қалыптастыру үшін, төмендегідей ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы шешуге болады:

- жастарға ақпараттық тәрбие беру (ақпараттық хабарлар, баспасөз, көркем әдебиет, интернет хабарларын талғап, сұрыптап қабылдауға тәрбиелеу);
- жастардың бос уақытын тиімді пайдалану (пікірталас, дебат, кештер ұйымдастыру);
- жергілікті теледидар, радио орталықтарымен біріге отырып, танымдық бағдарламалар жасау («Таным, талғам» атты жастар бағдарламасын жасау);
- жастардың бойында экологиялық тәрбие қалыптастыру (қоршаған ортаның, қала тазалығын сақтауға, қоғамдық жұмыстарға жұмылдыру);
- жастардың салауатты өмір салтын дұрыс ұйымдастыра білу (спорт комплекстерімен, нашақорлық, СПИД-ке қарсы орталықтармен біріге отырып жұмыс жүргізу);
- ауыл мектептерінде оқушылар мен жастардың бойында танымдық қабілеттерін арттыру;

Тәрбие ата-ана, қоғам және бүкіл мектеп ішіндегі оқу-тәрбие процесінің мазмұнымен толығы, жетіле түседі. Осы мәселеге байланысты тәрбиені мемлекеттік мекемелердің байланысы арқылы толықтыра түсуге мүмкіндіктер ашыла түседі. Облыстық жастар ісі жөніндегі басқармамен және әртүрлі қоғамдық орындардың да тәрбие мәселесіне шет қарамағаны жөн.

Қазіргі қоғамдағы ауқымды мәселелердің бірі жастардың имандылық тәрбиемен ұштастырылуы өзекті болып отыр. Бір жанұяда әртүрлі діни көзқарастардың орын алып отырғандығы жастар тәрбиесіне нұқсан келтіреді. Осының салдарынан ұлттық тәлім-тәрбие, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жөніндегі ұғымдар дағдарысқа ұшырайды. Осындай жағдайларды ескере отырып, қазіргі кезеңдегі тәрбие мәселесін жан-жақты қарастыра отырып, жүргізуді ұсынамыз.

Әдебиет

- 1 Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1994.
- 2 Қалиев С. Қазақ халқының салт дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994.
- 3 Концепция воспитания // Учитель Казахстана. – 1998. – 18 февраль.
- 4 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Астана, 1998.

Резюме

В данной статье рассматриваются взгляды на сегодняшние проблемы воспитания.

Summary

The problems of up-date upbringing are revieind in this article.